

"Көшелерді қайта атау туралы" 2008 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Үшқатты ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 09 ақпандағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 14 наурызда № 4782 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдесіндегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Үшқатты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үшқатты селолық округі әкімінің мемлекеттік тіліндегі 2008 жылғы 23 маусымдағы № 1 "Көшелерді қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 3-2-49 болып тіркелген, 2008 жылғы 7 тамыздағы аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тіліндегі көрсетілген шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтінінде "селолық", "селосының" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесінде ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 "Қазақстан Республикасындағы" мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үшқатты ауылдық округінің әкімі:

Г. Алдабергенова